

## "Қарағандықөмір" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 17 қараша N 1303. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.11.01. N 1415 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Көмір өнеркәсібін басқару жүйесі туралы" 1994 жылғы 28 маусымдағы N 1773 Жарлығы негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қарағандықөмір" өндірістік бірлестігі "Қарағандықөмір" мемлекеттік холдинг компаниясы /бұдан әрі - Компания/ болып қайта құрылсын.

2. Компания қызметінің негізгі міндеттері болып мыналар белгіленсін:  
саланы дамытудың басым және стратегиялық бағыттарын белгілеу,  
Қарағанды көмір бассейнінде көмір, қайталама ресурстар өндіруді, өндірдің негізгі міндеттерін орындауды;

Қарағанды көмір бассейнінде рентабельді емес өндірістерді қысқартуға бағытталған құрылымдық өзгерістер жүргізу;

отын-энергетика кешенін дамытудың, республиканың энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етудің, экспорттық әлеуетті арттырудың мемлекеттік бағдарламаларын және көмір өнеркәсібімен байланысты басқа да бағдарламаларды өзірлеу мен жүзеге асыру ісіне қатысу;

Компания құрамына кіретін кәсіпорындарды дамытудың келісілген ғылыми және техникалық саясатын жүргізу, біртұтас өндірістік және әлеуметтік-экономикалық кешен ретінде жұмыс істеу қауіпсіздігін, сенімділігі мен тиімділігін арттыру мақсатымен олардың жұмысын үйлестіру;

негізгі қорлардың, өндірістік және әлеуметтік саланың тиімді үдемелі өндірісін қамтамасыз ету үшін қаржы, материалдық қорлар мен басқа да қорларды шоғырландыру;

Компания кәсіпорындары үшін материалдық-техникалық жабдықтауды жөндеу және қосалқы өндірісті ұйымдастыру;

сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;

Қарағанды көмір бассейнінің инфрақұрылым дамыту, бірыңғай экологиялық және қор жинақтау саясатын жүргізу.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Компания қызметін қамтамасыз ету жөнінде ұйымдастыру шараларын қолдансын.

4. Компания "Қарағандықөмір" өндірістік бірлестігінің құқығын иеленуші болып табылады және Қарағанды көмір бассейнінің жағдайы мен дамуы үшін, оның құрамына кіретін құрылымдар мен шаруашылық жүргізуши субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі үшін барлық жауапкершілікті өз мойнына алатын болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібімен бірлесіп, белгіленген ретпен:

1994 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша "Қарағандықөмір" мемлекеттік холдинг компаниясы құрамына қосылған "Қарағандықөмір" өндірістік бірлестігінің мемлекеттік кәсіпорындары мен құрылымдық бірлестіктері /N 1 қосымша/ негізінде мүліктік кешенді кезең-кезеңімен қалыптастыру жұмысын жүргізу;

Компания құру жөніндегі құрылтай құжаттарының пакетін екі ай мерзім ішінде әзірлеу;

Компанияға кәсіпорындар, ұйымдар, мен құрылымдық бірліктер қайта құрылғанға дейін олардың мемлекеттік мүлкін, сондай-ақ құрылған акционерлік қоғамдардың тізбесіне сәйкес акциялардың мемлекеттік пакеттерін иелену құқығын беру /N 2 қосымша/;

Компания қарауына енгізілген мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдар мен құрылымдық бірлестіктердің қайта құрылуына қарай Компанияға мемлекеттік мүліктің бөліктерін және акционерлік қоғамдар акцияларының, Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға /II кезең/ арналған Ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті өткіzetіннен басқа акциялардың мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығын беру тапсырылсын.

6. Компания басқармасы "Қарағандықөмір" өндірістік бірлестігі

орналасқан Қарағанды қаласында болады деп белгіленсін.

7. "Қарағандықөмір" компаниясының басшыларын тағайындау мен бекіту Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 шілдедегі N 606 "Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру барысында шаруашылық жүргізуши субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеу мәселелері" қаулысымен /Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 28, 341-бап/ белгіленген тәртіппен жүзеге асырылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі  
Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 17 қарашадағы  
N 1303 қаулысына  
N 1 қосымша

"Қарағандықөмір" өндірістік бірлестігінің  
1994 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша "Қарағандықөмір"  
мемлекеттік холдинг компаниясы құрамына қосылған  
мемлекеттік кәсіпорындары мен құрылымдық бірлестіктерінің  
ТІЗБЕСІ

- I. Дербес кәсіпорындар мен заңды үйымдар
- "Қарағандықөмірқұрылыш" тресі
- Қарағанды "Шахтаарнаулықұрылыш" шахта проходкалау басқармасы
- Біріккен өндірістік автокөлік кәсіпорны
- Мамандандырылған автокөлік кәсіпорны
- Кен-шахта жабдығын монтаждау, бөлшектеу және жөндеу жөніндегі  
басқарма /Арнаулышахтамонтаж/
- "Көмірсервис" мамандандырылған монтаждау-жөндеу кәсіпорны
- "Қарағандыэнергияқөмір" біріккен өндірістік кәсіпорны
- Кен-көлік жабдығын жөндеу зауыты /ККЖЖ/
- Энергозауыт
- Стандартты емес жабдық және шағын механикаландыру зауыты /СЖШМ/
- Кен-шахта жабдығын жөндеу жөніндегі механикалық зауыт
- Қарағанды жүк тиеу-тасу басқармасы
- Нұра жүк тиеу-тасу басқармасы
- Материалдық-техникалық жабдықтау басқармасы /МТЖБ/
- "Қарағандықөмір" жұмысшыларды жабдықтау бөлімі
- "Восточная" орталық байыту фабрикасы
- Абай тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы /ТҮКШБ/
- "Құланөтпес" кеңшары
- "Баршын" кеңшары
- "Шахтинский" кеңшары
- "Талдысай" кеңшары
- "Қарақойын" кеңшары
- "Сарыөзен" кеңшары
- "Соналы" кеңшары
- "Аршалы" кеңшары

"Үштау" кеңшары  
Қарағандының "Қарағандықөмірбарлау" кен-барлау экспедициясы  
Федоров жөндеу-құрылыш басқармасы  
Қарағанды жөндеу-құрылыш басқармасы  
Совет жөндеу құрылыш басқармасы  
Жаңа Майқұдық жөндеу-құрылыш басқармасы  
Мамандандырылған жөндеу-құрылыш басқармасы  
Шахтинск жөндеу-құрылыш басқармасы  
Михайлов жөндеу-құрылыш басқармасы  
Киров жөндеу-құрылыш басқармасы  
инженерлік коммуникациялар шығару жөніндегі мамандандырылған  
басқарма /ИКШ жөніндегі МБ/  
Абай жөндеу-құрылыш басқармасы  
Жол жөндеу және көркейту жөніндегі жөндеу-құрылыш басқармасы  
Сарань жөндеу-құрылыш басқармасы  
Қарағандының скважиналар бұрғылау және шахта аландарын құрғату  
жөніндегі "Шахтақұрғату" құрылыш-монтаж басқармасы  
Ақтас кірпіш зауыты  
Ақпарат-есептеу орталығы  
Жобалау кеңесі  
Дәрі-дәрмекпен бір орталықтан жабдықтау жөніндегі дәріхана

## II. Құрылымдық бірліктер

"Стаханов" шахтасы  
"Майқұдық" шахтасы  
"Қарағанды" шахтасы  
Костенко атындағы шахта /с ОФ/  
"Киров" шахтасы  
Горбачев атындағы шахта  
Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы шахта /с ОФ/  
Күзембаев атындағы шахта  
Байжанов атындағы шахта  
"Соқыр" шахтасы  
"Сарань" шахтасы  
"Ақтас" шахтасы  
"Дубовская" шахтасы  
КСРО-ның 50 жылдығы атындағы шахта  
"Шерубай-Нұра" шахтасы

"Абай" шахтасы  
Калинин атындағы шахта  
"Қазақстан" шахтасы  
Ленин атындағы шахта  
"Молодежная" шахтасы  
"Степная" шахтасы  
"Долинская" шахтасы  
"Шахтинс" шахтасы  
"Тентек" шахтасы  
Күшеке разрезі  
Молодежный разрезі  
Шұбаркөл разрезі  
"Қарағанды" орталық байыту фабрикасы  
"Сарань" топтық байыту фабрикасы  
"Сабырхан" орталық байыту фабрикасы  
"Байтам" байыту фабрикасы  
Қарағанды тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы /ТҮКШБ/  
Шахтинск тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы /ТҮКШБ/  
Сарань тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы /ТҮКШБ/  
Қызмет ғимараттары басқармасы  
Газсыздандыру жүйелерін салу мен монтаждау, өрттің алдын алу  
жөніндегі "Арнаулышахтамонтажгазсыздандыру" мамандандырылған  
басқармасы  
Өндірістік-технологиялық байланыс басқармасы  
Көмір сапасын техникалық бақылау және стандарттау басқармасы  
Жыныс үйінділерін профилактикалау, сөндіру және жерді қалпына  
келтіру жөніндегі басқарма /ПСЖҚКБ/  
Әскерилендірілген күзет басқармасы  
Оқу-курс комбинаты  
"Шахтерская неделя" газетінің редакциясы  
Нормативтік-зерттеу стансасы /НЗС/  
Ғылыми-зерттеу ақпарат орталығы /ҒЗАО/  
Шаруашылық есептегі ашық жұмыстар участкесі  
Электронды аппаратура бюросы  
Көмір өткізу

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 17 қарашадағы  
N 1303 қаулысына  
N 2 қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеттері 1994 жылғы  
1 сәуірдегі жағдай бойынша "Қарағандықөмір" мемлекеттік  
холдинг компаниясына берілген /бұрын құрылған/ акционерлік  
қоғамдардың  
ТІЗБЕСІ

---

Рет| Акционерлік қоғамдардың атауы| Орналасқан орны және мекен-жайы  
N | |

---

1. "Завод РГШО" АҚ                  470014, Қарағанды, "Завод РГШО"  
акционерлік қоғамы
2. "Сарыарқа" АҚ                  487882, Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Сайрам ауданы, Қызылсай стансасы,  
Тассай п/б
3. "Көмір-Құрылыш" АҚ                  487884, Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Сайрам ауданы, Сайрам ауылы,  
Коммунистік көшесі, 110